

**Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымдарының білім алушылары арасында
«Dance-life» тақырыбында
республикалық интернет-фестивалін қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «**Dance-life**» тақырыбында республикалық интернет-фестивалін (бұдан әрі - Фестиваль) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – балалардың шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу және дамыту, белсенді шығармашылық әс-«рекетке тарту.

Міндеттері:

- 1) балалар шығармашылығын насихаттау;
- 2) балалардың бос уақытындағы іс-әрекетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- 3) фестивальға қатысушыларды жаңа шығармашылық жетістіктерге ынталандыру;
- 4) дарынды балаларды анықтау және оларға қолдау көрсету.

3. Фестивальді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Фестивальдің ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Фестивальді өткізу мерзімі және тәртібі

5. Фестиваль **2016 жылғы 25 қаңтар мен 14 наурыз аралығында** балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2016 жылғы 5 наурызға дейін rumcdo-dance@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 249 306, көркем-эстетикалық бөлім жетекшісі Асавбаева Рауза Байдрахманқызы.

7. **2016 жылғы 5 наурыздан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. **Фестивальға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК

(Резидент)

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы мақсаты: «Dance-life» тақырыбында аула билерінің интернет-фестиваліне қатысу үшін төлемақы. Фестивальға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **rumcdo-dance@mail.ru** электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

9. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2016 жылғы 14 наурызда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

10. Фестивальға 10-18 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

орта жас санаты: 10-14 жас;

жоғары жас санаты: 15-18 жас.

11. Фестивальға келесі номинациялар бойынша видеороликтер (видеобейнелер) жіберіледі:

1) «Халық биі»;

2) «Заманауи би».

12. Келесі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады:

телефон немесе бейнетаспаға түсірілген, кез келген бейнереракторда өңделген жұмыстар.

Қабылданатын форматтар: MPEG1, MPEG2, WMV, AVI. Байқау жұмысының ұзақтығы 3-4 минутке дейін.

Байқауға тек ұжымдық жұмыстар қабылданады.

13. Байқау жұмысының бас парағын толтыру реті. Байқау жұмысының бас парағы келесі ақпараттарды қамтуы керек:

- автордың аты-жөні (топтың аталуы);

- баланың жасы;

- облыс, аудан (қала) немесе ауыл;

- білім беру ұйымының атауы;

- байқаудың және номинацияның аталуы;

- байланыс телефоны.

14. Фестивальді бағалау өлшемдері:

стильдердің үйлесімділігі және түпнұсқалығы, вариативтілігі;

композициялық шешімі;
жоғары сапалы орындаушылық;
би қойылымы-идеясы;
техникасы және орындаушылық деңгейі;
сюжеті мен әртістік шеберлігі;
сахналық көрінісі (костюммен жабдықталуы).

4. Фестивальдің қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

15. Фестивальдің қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

16. Фестиваль жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары жүктеп алу мүмкіндігімен <http://www.ziyatker.org/#!/c10hg> сайтында орналастырылады.